

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2003 жылғы 29 маусымдағы N 7/73 -III шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 23 шілдеде N 1446 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 9/77-V Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2012.12.07 № 9/77-V Шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N 209-II Кодексінің (Салық кодексі) N 477 бабына сәйкес Оңтүстік қазақстан облыстық әкімиятының ұсынуымен облыстық мәслихат **ШЕШТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2007.12.13 N 3/35-IV шешімімен.

1. Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы
Облыстық*

мәслихаттың хатшысы

Оңтүстік Қазақстан облыстық
мәслихаттың 2004 жылғы 29 маусым
N 7 сессиясының N 7/73-III шешіміне
қосымша

Оңтүстік қазақстан облысы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкалары

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2007.12.13 N 3/35-IV шешімімен .

P/c	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды жеке және заңды тұлғалардың пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Айлық есеп айырысу көрсеткіштеріндегі төлем ставкалары
-----	---	---------------	--

1.	Ғылыми мақсаттарда (ғылыми зерттеулерді жүргізу) 5-тармақта көрсетілген тұлғаларды қоспағанда	адам-күн	0,1
2.	Мәдени-ағарту және оқу мақсаттарында ғ-тармақта көрсетілген тұлғаларды қоспағанда 1) жансыз табиғаттың, өсімдіктердің және жануарлардың объектілерін тарихи-мәдени мұра объектілерін көрсету 2) оқушылар мен студенттердің оқу экскурсиялары мен сабақтарын, өндірістік практикасын жүргізу 3) қорық ісі, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты ұтымды пайдалану саласындағы ғылыми кадрларды даярлау, мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру	адам-күн адам-күн адам-күн	0,01 0,01 0,1
3.	Туристік және рекреациялық мақсаттарда, ғ-тармақта көрсетілген тұлғаларды көрсетпегенде	адам-күн	0,2
4.	Шектеулі шаруашылық мақсаттарда, ғ-тармақта көрсетілген тұлғаларды қоспағанда	адам-күн	0,1
5.	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды осы төлем ставкаларының 1, 2, 3, 4- тармақтарында көрсетілген мақсаттарда "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" қазақстан Республикасының Заңының 15 және 16 баптарымен белгіленген, мемлекеттік мекеме, кәсіпорын нысанындағы заңды тұлғалардың пайдалануы		0,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК